

Жеткіншектерге отбасышілік қарым-қатынастар жетілдіруге арналып жүргізілген тренингтер қатары:

«Қарым – қатынас» тренингі.

Мақсаты: жеткіншектер мен ата – аналардың байланысын нығайту.

Барысы: қатысушы әр жеткіншек пен ата – аналар өздерін таныстырып, өздері туралы айтады. Тренингте қолында микрофоны бар қатысушы ғана сөйлейді. Тренинг барысында басқа жеткіншектер неге қызығатынын біліп қана қоймай, ата – аналар үшін де өз балалары туралы жаңа мағлұмат алынады. Содан кейін тренер қарым-қатынастың өмірдегі мәні түсіндірілді.

Жаттығу: «Мен сенімен қарым – қатынас орнатқаныма қуаныштымын». Қатысушылар шеңбер болып тұрып, бір – бірінің иықтарына қолдарын қойып «Мен сізбен қарым – қатынас орнатқаныма қуаныштымын» сөзін жымып айтады. Келесі адам «Мен де» деп жымып жауап қайтарады. Осылайша тізбек болып кете береді. Тренинг соңында барлық қатысушылар рахмет айтып қол шапалақтайды.

Жаттығу: «Мен стресстен құтыламын». Жаттығуды орындау оңай әрі тез болып табылады. Жұмыс үшін парақ пен қалам қажет. Қатысушыларға әуен қосып сол әуен бойынша парақ бетін шимайлау ұсынылады. Парақ бетінде бос орын қалмауы қажет. Әуен тоқтағаннан кейін жеткіншектерге сол паракты мыжу нұсқаулығы беріледі. Содан кейін жеткіншектер паракты мыжып, барлық күштерімен қабырғаға лақтырады. Нәтижесінде жеткіншектер өз іштерінде болып жатқан ашу, стресстік жайыттан арыла алады.

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі дамыған, жан-жақты ізденпаз, шығармашылық дәрежеде жұмыс істей алатын, дүниетанымы жоғары, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Осы жағдайға менің ұсынысым: отбасындағы ата-ана жеткіншектердің өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Жеткіншектің болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, берген тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата - ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, мейірімді, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Бұны тек қана ата - аналармен бірге жалпы күш-жігерімізді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт бағдар береді. Тоқ етері бала мектеп бітірген кезде, дайын бір маман иесі болып шығуы. Қорытындылай келгенде, ата анасыда өсіп келе жатқан баласының ақыл кеңесіне, заманауи тұрғыдағы ақыл кеңесіне біздің салт дәстүрімізге, дінімізге, қайшы келмитін тұсына бойысынуы тиіс! Жеткіншектердің ортада қалай ұстауы осы отбасышілік қарым-қатынастан басталады.

Әдебиеттер.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2 Қыркүйек, 2019 ж.
2. **Калинина, Р.Р.** Введение в психологию семейных отношений - Петербург 2012 ж.
3. **Прохорова, О.Г.** Семейная психология и основы семейного консультирования - Москва 2011 ж.
4. **Жаназарова, З.Ж.** Қазіргі Қазақстандағы отбасы: жағдайы мен даму болашағы Әлеуметтанушылар VI съезінің материалдар жинағы - Астана 2018ж.
5. Эйдемиллер, Э., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи 7 4 – е изд. – СПб.:Питер, 2012. – 672 с.

ӘЛЕУМЕТТІК–ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СОЦИАЛЬНО–ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ҒТАМР16.21.47; 16.21.55

ӘОЖ81.373; 81.38

3. ШҮКІРОВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ KEЙБІР ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ХАҚЫНДА («Сыр бойы» романы бойынша)

Қожанұлы М., филология ғылыдарының кандидаты, профессор, m.kozhanuly@mail.ru

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала XVIII-XIX ғасырларда Сыр бойын мекендеген қазақтар мен қарақалпақтардың тағдырлары туралы жазушы З. Шүкіровтің «Сыр бойы» атты романы аясында сөз етіледі. Шығарма Жанқожа образы арқылы сол кезеңдегі оқиғаларды және екі халықтың өңірдегі тыныс-тіршілігі, кәсібі, тіпті, ғибраты мол әдет-ғұрыптық (рухани-мәдени) заңдылығы баяндалады. Шығармада зерттеуге негіз болған тілдік ерекшелік белгілері Жанқожа образын ашуға ықпал ететін факторлардың бірі екеніне назар аударып, оларды ғылыми-ақпараттық ресурстарымен бірге, зерттеуші ғалымдар пікірлерімен негізделеді. Мұның өзі Шығарманы одан әрі зерттеудің әлі де болса өзектілігін айқындай түседі. Автор, Шығармада кездесетін тілдік ерекшеліктер арқылы туған елін, жерін шексіз сүйген Жанқожа образының кейбір қырларын тағы бір ой елегінен өткізіп, танымдық тұрғыдан қарастырады. Мақалада жазушы сомдаған кейіпкер Жанқожа - қазіргі және кешегі қоғамда да елдік пен ерліктің үлгісін көрсеткен «қазақ» деп соққан батырдың жиынтық образының бірі, бірегейі екенін алға тартады.

Түйінді сөздер: З. Шүкіров, «Сыр бойы» романы, тілдік ерекшеліктер: лаққы, сыпай, уақып, тұрақты тіркестер.

Кіріспе. Сонау ғасырлар қатпарынан, дәуірлер тереңінен ой жіберіп, өткенімізді өлшесек, әлем жұртшылығы мойындаған Ұлы Дала – Қазақ елінде дәл осындай айтулы тарихи оқиға болмаған екен. Ол – Тәуелсіз Елдігімізді әлемнің мойындауы.

XV ғасырдың орта шенінде Керей мен Жәнібек сұлтандар құрған қазақ хандығы, сол замандардан бергі оңтүстігінен солтүстігіне қарай: Алатаудан Сібірге, шығыстан батысқа қарай: Алтайдан Атырауға дейінгі аралықта алып жатқан ұланғайыр даланы жатқа табындырмау үшін алуан-алуан жойқын соғыстарды, «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» секілді қасіретті шақты да, «Аңырақай жеңісі» тәрізді ұлы жеңісті де басынан өткерген екен.

Тарихтың талай-талай бұрмалаң соқпақтарына төтеп берген қайсар халқымыз, алып дала – қазақ жерін ешкімнің билеп төстеуіне ұстата салмаған. Оған халық жадында мәңгі орнаған: Қасымхан, Ақназар хан, Тәуке хан, Есімхан, Абылай хандар есімімен қатар, қазақтың абыройы тасыған дәуірлеріне Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Кенесары, Жанқожа, т.б. батырлары жаудың жағасын жыртып, халқының мерейін көтерген дүбірлі кезеңдер куә, ата – тарих куә.

Сол бір тарихи оқиғаларды, дүбірлі кезеңдерді тарихи-әдеби тұрғыда баяндаған шығармалар баршылық. Сондай шығарманың бірі – XVIII-XIX ғасырлардағы Сыр бойындағы қазақтар мен қарақалпақтар арасындағы тарихи оқиғаны арқау еткен тума талант иесі, жазушы З. Шүкіровтің «Сыр бойы» атты тарихи романы [1] (одан әрі – Шығарма).

Әрбір қаламгердің әдебиет майданына келуі әр қилы. Соның ішінде З. Шүкіровтің тағдыры, ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екені 50-70 жылдарындағы әдебиет өкілдеріне белгілі.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, тума талант, үлкен дарын иесі З. Шүкіров – әдебиеттің барлық жанрларына қалам тербеді. Оның қай шығармасын алып оқысаңыз да кейіпкерлермен бірге өзін сол ортада жүргендей сезінесіз. Бұл оның

шығармаларының шынайы өміршеңдігі екенін анық көреміз.

Екі кластық біліммен әрі аса алмай, ауру азабынан құтылуға жол сілтеген Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы жазушының өміріне қалай әсер етсе, әдебиеттің өлшемі сыйлық, марапат емес екенін жете аңғарған ақын, «Әдебиет – ардың ісі», - деген сөзге бар ғұмырын сарп етіп, лайықты тұғырдан көріне білді. Оның осынау тарихи романға бет бұрып, тыннан сүрен салуы, бір кездері Үндістан мен Ауғанстан жерінде (1526-1858) Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың: «Естелік жазудағы алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Оқырман да, құлақ салып тыңдаушы да кешірім етер деймін!» [2, 222 бет], - деген жолдарымен үндесіп жатқанын аңғару қиын емес. Әрине, бұл біздің пайымдауымыз. Дегенмен, емін-еркін ел аралап жүрмесе де, тағдырға мойынұсынбай, айналада болып жатқан оқиғаларды қалт жібермей, Сыр бойы тарихын үйде жатып, оқи отыра санасына түйе біліп, өзіне күш-қуат алып, Жанқожа бейнесін зерделеген, «Қазақ Островскийі» атанған Зейнолла ағаны көрсек, екіншісі – өзге елде өз үстемдігін, «мұсылман» әлемін орната білген Бабыр бабамыздың тағдырын көреміз.

Зерттеу материалдары және әдістері. Зерттеуге негіз болған Шығарма қазақ пен қарақалпақ арасындағы оқиғалар ғана емес, қазақтың Кіші жүз, Орта жүз және Ұлы жүздерін, қала берді, қазақ жеріндегі болып жатқан оқиғаларды да бірге алып қарастырылуы, ол бүгінгі ұрпаққа құнды жәдігер екенін Жанқожа образы арқылы жеткізе біледі.

Осы орайда, баспаның алғы сөзінде: «З.Шүкіров сомдаған кейіпкер Жанқожа – тарихи Жанқожа сияқты – қазақ болып туғандарды елімізді, жерімізді шексіз сүйеге тәрбиелейді» [1,8бет], - деп, жазылғандай, Жанқожа образы арқылы сонау ықылым заманнан бері үзілмей келе жатқан қазақ пен қарақалпақ халқы жайын сөз етіп, екі халықтың арасындағы тарихи байланысты көркем тілмен баяндайды. Сондай-ақ, екі халықтың тарихи деректері мен ел аузындағы көнекөз қарттардың әңгімелері негізінде екі елдің достығын Шығармаға арқау етіп, кейінгі ұрпаққа үлкен талғампаздықпен жеткізе білгені ел алдындағы үлкен жүректі азаматтығы деп қараған жөн. Осымен де Шығарма құнды және Шығарма бір кездері саясаттың құрбаны болғанын бірі білсе, бірі білмеді.

Жалпы, жазушы шығармалары күні бүгінге дейін отандық зерттеуші ғалымдар назарында болмауы, біздіңше, ақын аға туралы әр жылдағы республикалық, облыстық, аудандық баспасөз беттерінде жарық көрген естеліктері, өлеңдеріне талдаулары конференциялар аясында сөз етілуінен жан-жақты зерттелмеуінің бір себебі де болар. Дегенмен, соңғы жылдары З.Шүкіров шығармалары туралы зерттеулер қолға алына бастады. Соның бірі А.Д. Ескараеваның кандидаттық жұмысы (З.Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар. - Астана,2002); С.Жанназарованың зерттеу мақаласы («Отты өткелдер» романындағы диалект сөздер//Ақмешіт апталығы. – 2007); Н. Бердіқожаның ғылыми зерттеулерін (Поэмалардағы антикалық сюжеттер жырлануының ерекшелігі: З.Шүкіровтің «Алау» поэмасы бойынша//Қазақ тілі мен әдебиеті. №10. - 2010.;Тарихи тұлғалар туралы поэмалардың романтикалық-психологиялық сипаты: З.Шүкіровтің «Адам және тағдыр» поэмасы бойынша//Ақиқат. №9.- 2010), сондай-ақ осы жол авторы З. Шүкіров атындағы Бөген орта мектебінің негізі қаланғанына 100-жыл толу мерекесіне арналған конференцияда (2019) Шүкіровтану зерттеу жұмыстарын одан әрітереңдету мақсатында, бір ғана З.Шүкіровтің «Отты өткелдер» романында кездесетін туған жері Бөгеннің айналасындағы жер-су аттары туралы сөз еткен пікірін атауға болады.

Зерттеу нысанамызға орай, Шығармада адамдар мен жер-су аттарының жиі қайталанып аталуы, сондай-ақ, екі халықтың басынан өткен оқиғаларды рет-ретімен аса ұқыптылықпен және сол кезеңнің ғибраты мол әдет-ғұрыптық (рухани-мәдени)заңдылығыбаяндалады. Сондықтан отандық ғалымдардың көзқарастары мен ғылыми-ақпараттық ресурстары негізінде Шығарма тілінің кейбір ерекшеліктерін танымдық тұрғыдан зерделеудебақылау, салыстыру, талдау және шінара лексика-статистикалық

(глоттохронологиялық) әдістері қолданылды. Бұл Шығарманы одан әрі зерттеп-тануға мүмкіндік береді.

Ақпарат ретінде:тіліміздегі қазақ-қарақалпаққұрамындағы қайталанған (параллель) руларды глоттохронологиялық әдістің көмегімен зерттеуді былай қойғанда,Шығармадағы атаулар санына өзімізше статистикалық талдау жасағанымызда, 1-том бойынша (мысалы, 66-б.): адам аты - 7 (қайталанғаны-23), ауыл - 3 (қайталанғаны - 0), бір-ақ рет келгені -10 атау, барлығы көрсетілген бетте, қайталағаны -26 атау; сондай-ақ, осы томда (мысалы, 308-б.): адам аты - 4 (қайталағаны -8) жер аты - 2 (қайталағаны-4) ру аты-1 (қайталағаны - 7), бір-ақ рет келгені - 11 атау, барлығы көрсетілген бетте, қайталағаны -19 атау санына көз жеткіздік. Сонда орта есеппен – 1-томда шамамен 430-бет десек, сонда шығармада 4300-нен астам адам, ауыл, ру, өзен-көл, т.б. атаулары бар, қайталанғанын қоса есептесек, онда екі есе атаулар; Ал 2-том бойынша (мысалы, 165-б.): адам аты - 8 (қайталағаны -18) ру аты -1 (қайталағаны - 0), бір-ақ рет келгені -9 атау, барлығы көрсетілген бетте, қайталағаны -18 рет; сонда 2-томда шамамен 396-бет десек, шығармада 3 168-ден астам адам, ауыл, ру, өзен-көл, т.б. атаулары бар, қайталанғанын қоса есептесек, онда екі есе атаулар қайталанып келеді. Сонымен, біздің статистикалық мәліметіміз бойынша Шығармада (1-2 томда) бір-ақ рет келген атау - 7 468. Әрине, бұл біздің долбар пайымдауымыз.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Қазақтың ауызекі тілінде:«Өзбек өрістес ел, Қырғыз қоныстас ел, Қарақалпақ қарындас ел, Түрікпен тамырлас ел», – дегендей, асты сызылған жолдан қарақалпақ қазаққа бауырлас, туысқандық жақындығы барлығымен бірге, оны қарындасқа теңеуінде үлкен мән жатқанын байқау қиын емес. Оны Шығармадағымына жолдар, яғни Мақпал үшін Сегіз бен Жабы арасындағы оқиғаны былайша түйіндейді: «Жабыны екі иығынан басып ұстаған күйі, Сегіз демін алқына алады.

- Болғалы тұрған бала екенсің, – деді. Жабының көзіне қадала қарап тұрып айтты. – Қанынды жүктеп қайтейін. Мақпал менікі. Айтқаным – айтқан, қарындасымды бердім!

... Жанназар ... Сегіздің ерлігіне ырза болып тұр еді.

Қыздың көші бетін кейін қарай бұрды. Сегіз уәдесінен шықты. Қарындасы Қарылғашты Жабыға болып еді. Той тойға ұласты» [1, 101бет]. Бұл жолдардан жоғарыдағы асты сызылған тіркестің мән-мағынасын жазушы нақтылай түссе, екіншіден, қазақтың қарақалпақ ағайыны арасындағы құда-жекжаттық, қыз алу-беру туралы шығарманың өн бойынан көреміз.

Шығарманы жәй оқып шыққан оқырман, Сыр өңіріндегі осы жерлер сонау ықылым заманнан бері үзілмей келе жатқан қазақпен көршілес, қоныстас отырған қарақалпақ елінің жері, қонысы емес пе екен деген ойда болуы әбден мүмкін. Бірақ жазушы аталған кезеңде Сыр бойын қарақалпақтың ата жұрты делінген ойдан,оқырманды бірте-бірте сейілтеді. Оның басты себебі,1-ден, Шығармаға арқау болған қазақтар мен қарақалпақтардың XVIII-XIX ғасырлар арасындағы оқиғалар негізінен олар Сыр бойына о баста жаулап алу мақсатында келмегені, тек күн көріс үшін өмір кешкенін, яғниегіншілікпен (диқаншылық)айналысқаны айтылса;2-ден, қарақалпақ ағайындар қазақтарменөзі отырған жерлерін қосыла жайлайтындықтан, өңірде өз атауларын қалдырмауы;3-ден, кейін Сыр бойындағы қазақтар отырықшылықпен, егіншілікпен айналыса бастаған кезде,олардың арасындағы қақтығыс – қазақтар үшін мал шаруашылығында шешуші рөл атқаратын жайылым жерлерді иеленуі болса, қарақалпақтар үшін егін шаруашылығы болса да, көп жағдайда біргеотырған, жайлаған жерлерді бейбіт жолмен шешіп отырғаны;Бұл жағдайдан бір табиғи фактіні: мал шаруашылығымен қатар, еліміздің өркендеуіне егін шарушылығы (диқаншылық) да шешуші рөл атқаратынын көреміз.4-ден, жазушы арлы-берлі тарих қойнауына терең үңіле отырып, олар(қарақалпақтар - астын сызған біз)бұл өңірге келгенге дейін бұл жер «қазактікі» деп, арада қанша олармен ұзақ уақыт күрес болса да, сол ата-мекенін сақтап қалу үшін, әрбір жерге қойылған жер-су, қыстау, елді-мекен, ру және би, батыр адам аттарымен «тайға таңба басқандай» бекіте отырып, келер ұрпақ алдына жер дауы болмайтынын нақтылағанын байқау қиын емес. Бұл бүгінгі Тәуелсіз елдің шекарасын белгілеген кезеңімен үндесуі қаламгердің ұлы көрегендігі деп

қараған жөн.

Ақпарат ретінде бүгінгі кең байтақ Ұлы Қазақ Даласына, кешегі тарыдай шашылған қазағын Ата қонысқа шақыруы, Қазақ Елінің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атқарған өлшеусіз еңбегі - өз алдына бір төбе, тарих.

Осы орайда, Шығарманы XV-XVI-ғасырлардағы Орта Азия және Қазақстан халықтарына ортақ мұра, ортағасырлық тарихи-әдеби жазба «Бабырнама» ескерткішімен шартты түрде сырттай салыстырып қарасақ, екі Шығармадағы ортақ нәрсе: *бірінішіден*, оқиға барысында атаулардың көптігіне, яғни атаудың жиі қайталануына қарамастан рет-ретімен аса ұқыптылықпен баяндалуы; *екіншіден*, өзі туып өскен өңірдің табиғаты, тыныс тіршілігі, кәсібі, тілі мен әдет-ғұрпымен бірге, өңірде мекендеген қарақалпақадамдарының кәсібі, тіршілігі, тілі, сондай-ақ рулары мен билері, батырлары, жүрген жерлері, т.б. туралы ақпаратты оқырман назарынан тыс қалдырмайды. Бұдан қаламгердің өңірдің табиғат құбылыстарына жіті назар аударып, қоныстас қарақалпақ елінің тарихын, руларын, кәсібін жақсы білетінін аңғарамыз. Және қазақ-қарақалпақ руларына тән бітім-болмысын, ұқсастықтарын, дүниетанымдық ерекшеліктерін «Табиғат-Орта-Адам» үштікаралық қарым-қатынасы аясында қарастырғанын байқаймыз. Мұның өзі уақыт өткен сайын Шығарманың зерттеу өзектілігінің мәнін айқындай түсетінін көреміз.

Зерттеу объектімізге орай, нақтырақ айтқанда, Арал-Қазалы аудандары төңірегіндегі ру аттарын жіктеп, тарқатып берілуі және тілде олардың қосарланып келуі, сондай-ақ аймақтың тілдік ерекшеліктері, көршілес халық тіліндегі кездесетін сөзді ұтымды қолданылуы, т.б. тілдік фактілерді қазіргі қолда бар ғылыми-ақпараттық ресурстары негізінде танымдық тұрғыдан оқырман назарына ұсыну.

Шығарманы зерттеу барысында, назар аударылған жазушы тіліндегі ерекшеліктердің бір тобы: *бейсаубет, еру, зауал, зәуде, құп, лаққы, нәмарт, сүрдек, сыпай, сірі, тыным, үсір, уақып, шау*, т.б. сөздер қазақ халқының басынан өткен тарихын жинақтап, сақталуында маңызды рөл атқарған қазіргі қазақ тіліндегі сөздік қор мен құрамның (лексикалық қабаттың) бірі екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, лексикалық қабатта аймақ тіліндегі сөздердің келуі заңдылық десек артық айтқандық емес.

Мақала көлеміне қарай, жоғарыдағы сөздерді шартты түрде, іштей үшке: *аймаққа тән сөздер, тарихи және әдет-ғұрыпқа тән, және өзге тілге тән сөздер* деп, бөліп қарастыруды жөн көрдік.

1) *Аймаққа тән сөздер.*

Бейсаубет/Бейсеубет – *бет алды, бөлек*. Шығармада: «Қыдырдың нұрасында *бейсаубет* ауыл көзіне түсті [1, 139бет]; Үшінші күні *бейсаубет* жылқыға кездеседі [1, 281бет]», – деген мәтіндегі *бейсаубет* сөзі: «Бейсеубет (Орал: Чап., Жымп., Жән.; Қост.: Жанг., Ор.) мезгілсіз, бет алды, ретсіз» [3, 137бет], – дегендей, сөйлем контексіне қарай «*оқшау, бөлек, жеке, дара*» [4, 622бет] деген мәнінде қолданылып тұр.

Зауал – *түс мезгілі*. Шығармада: «*Зауал* ауа аттанған жігіттер Қарақ тауына күн еңкейе жетті. Жаңадария көрінгенде қызыл іңір түсті» [1, 34бет], – деген сөйлемдегі *зауал* сөзі: «*Зауал*¹ (Қ-орда, Арал.; Орал, Орда.; Гур., Маңғ.; Ақт.: Шалқ., Қараб.; Түрікм.: Таш., Мары) тал түс. [3, 286бет]; *Зауал* I 1. Аптапты түс мезгіл, түс кезі. 2. Күн батар кезі, кешкілік [4, 342бет]», – деп, сөйлемде бұл жерде түс мезгілі мәнін білдіріп қана қоймай, одан әрі мезгіл арқылы оқиғаны нақтылайды.

Зәуде – *анда-санда*. Шығармада: «*Зәуде* бір арғын-қыпшақтың ауылын торып, бір үйір жылқысын алып қайтса, үйге сыймай күпінеді...» [1, 10бет], – деген мәтіндегі *зәуде* сөзі Сөздікте: «1. Әлдеқалай, алда-жалда; алайда; 2. Ешбір, ешқашан. 3. Оқта-текте, анда-санда» [4, 344бет]; *Зәуде/Зәуеде* (Жамб., Луг.; Шымк., Ленг.) анда-санда, оқта-текте [3, 288бет], – деп берілгендей, *зәуде* сөзі сөйлемде анда-санда, оқта-текте мәнін білдіріп тұр.

Лаққы – *бөсуші, өтірікші*. Шығармада: «Белгілі *лаққы*... Шаруа бақпайды, егін салмайды. Қай ауылда ас, кімнің үйінде той – Өмірқұл сол жерден табылады [1, 23бет].; Қасымда Өмірқұл *лаққы* бар... Ой, дәурен-ай!...» [1, 115бет], – деген жолдардағы *лаққы* сөзі Сөздіктерде: «*Лаққы/Лаққа* (Қарақ.; Қ-орда: Қарм., Арал) мысқылдаушы, қуақы, өтірікші» [3,

463бет]; «Лақ II. Ауысп. Не болса соны айту, бөсу» [4, 568бет],- мәнінде беріліп, оқырманға Өмірқұл бейнесін *лаққы* сөзі арқылы жеткізгенін көреміз.

Намарт/нәмәрт – сараң, мырзасыну. Шығармада: «Қатерді біліп тұрып, ат тізгінін бермей кеткені *намарттық* болады екен [1, 420бет]; - Сегіз аға ердің ісін істегісі келеді. *Нәмарттықты* кім білмейді!?» [1, 97бет], – деген жолдарда *нәмәрт* сөзі: «Нәмәрт (Ауғ.; Ир.) екі жүзді, уәдесіз [3, 527бет]; Мәртсін. ет. Жомартсыну, мырзасыну» [5, 290бет],- дегендей, бірінші сөйлемде Сөздікте берілген «уәдесіз» деген мағынадан гөрі «сараң» мәнінде келсе, екінші сөйлемде «мырзасыну» мәнін білдіріп тұрған секілді.

Тыным – шешім. Шығармада: «Онан да осы даудың *тынымына* келейік те... [1, 150бет]; Жанқожа кісі өлімінің бейбіт *тынымын* жақтайды» [1,287бет], – деген жолдардағы *тыным* сөзі: «Тыным. 2. Ауысп. Шешімі, тоқетері» [4, 838бет],- дегендей, сөйлемде істің шешімі мәнінде қолданылып тұр.

Сүрдек – сүрлеу. Шығармада: «Жылқаман ат қинамай сар желіспен келеді. Алдарында жаудың *сүрдегі* сайрап жатыр [1, 40бет]; Қасқасай көшкен елдің артында қалған *сүрдегіне* ұқсап көрінеді. Ақиректің жотасына асылып аппақ болып жатыр...» [1, 78-бет],- деген жолдардағы *сүрдек* сөзі: «Сүрдек¹ (Қ-орда, Арал) сүрлеу. Сүрдек² (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш., Тау., Қош.) малдың түнеген орны, малдың ауылдың жұрты.», - делінсе, енді бірде: «Сүрден¹ (Орал, Орда) сүрлеу жол. Сүрден² (Орал, Орда.; Сем.: Абр., Шұб.) мал ізі немесе тапталған жер» [3, 621бет], – дегендей, сөйлем контекстінде бірінде *сүрлеу* мәнінде келсе, келесі демалдың *түнеген орны* мағынасын білдіреді.

Шау – сылбыр. Шығармада: «Қазақ қысылмаса қимылы *шау* тартады. Әрі-беріден соң жұрт аударып қонуға ерінеді...» [1, 182бет], – деген жолдарда асты сызылған *шау* сөзі: «Шау II. Шабан, баяу, сылбыр, жай» [4, 908бет], – дегендей, мәтінде сылбыр, жалқау мағынаны білдіреді. Сонымен, жоғарыдағы сөз еткен кейбір аймақтық сөздер әдеби тілімізді байыта түсетін тілдік қорда бар сөздер екенін естен шығармаған жөн.

2) Тарихи және әдет-ғұрыпқа тән сөздер.

Шығарма арқауы екі халықтың XVIII-XIX ғасырлар арасындағы тарихи оқиғаларға құрылғандықтан, тарихи, әдет-ғұрыпқа т.б. мәндегі сөздердің кездесуі заңдылық. Соның бірі - Шығармада *сыпай* сөзін жиі қолданылғанын байқадық.

Шығармада: «...Хиуа *сыпайлары* Шартақты өңіріндегі Қытай ауылдарына ойран салған [1, 179бет]; Хан *сыпайлары* кейбір қыстауда төбе көрсетіпті [1, 206 бет]; Ханның *сыпайы* қайсы, баспашы қайсы,- жұрт айыра алмай дағдарып отыр [1, 209бет]; Әбілқайырдың қосынына қызылбастармен соғыста шыныққан мың *сыпай* қосайын, – дейді Байжан би.

- Маған он үш пен он жетінің арасындағы мың балаң да жеткілікті, – депті Әйтеке. Байжан ұлы бидің бұл сөзіне түсіне алмай дал болады.

- Жол алыс, сапар ауыр,- депті сонда әккі Әйтеке би.

Сонда Хиуадан шыққан Әлімнің мың баласын он жеті жасар Сартай* бастапты»[1,346бет], – деген жолдардағы *сыпай* сөзін Шығарманы өзі өмір сүрген сол кезеңінің тілдік ерекшелігі ретінде қараған жөн.

Тоқсан ауызсөздің түйіні: тіліміздегі *сыпай* сөзі туралы «Сыпай, сипах – түркі, парсы әскерлеріндегі дәстүрлі жауынгерлік атау. Сипахса – әскербасы, қолбасы. «Сыпа», «сыпай» сөздері қазақ тілінде араб-парсы тілдерінен ауысқан, батыр сөзінің баламасы. Батырларды бұлай атау қазақ жырларында да кездеседі [6, 705бет], – делінсе, енді бірде: «Сипаһ, сыпай. Тарихи. Мемлекеттік, әскери міндеттерді атқаратын адам, солдат, әскер, жауынгер» [7,163бет], – деген жолдардан, Шығармада *сыпай* сөзі ханның әскерлері, тыңшылары, әскери шендегі қызметкерлері, жауынгерлері, жандайшаптары мәнінде қолданылғанын көреміз.

Сондай-ақ, Шығарманың ерекшелігі оның халықтың мәдени-дәстүрімен деанықталатыны белгілі. Сондай дәстүрлік мәдени сипаттағы әдет-ғұрыпқа тән сөздің бірі –

*Ескерту: бұл жерде, 2012 жылы қазақ киносында үлкен құбылысқа айналған отандық кинорежиссер А. Сатаевтың «Жау жүрек мың бала» атты көркем драмалық фильміндегі басты кейіпкер - Сартай, Сыр бойын, яғни Арал теңізі маңын мекендеген Әлім-Шекті тайпасының жоңғарларға қарсы соғысқан мың баладан құралған қолдың басшысы осы Сартай бабамыз екенін айта кетуді жөн көрдік.

еру.

Шығармада: «Жайлаудан құлаған бетінде, Нарынбай тұзының тұсында еру болып, Мамыттың тарысына үш үйір жылқыны жауып жіберді [1, 45бет]; Асанқайғы заманы он сан ноғайдың бүліне көшіп жүрген кезі екен. Еділ дариясының бойындағы шұрайлы қонысынан айрылған соң, қиналған кезде Арал теңізінің маңайында біраз жыл еру болады... Жаугершілік заман... [1, 272-273бет]; Ендеше, Нұрымбет аулы Қамысты көлінің басына еру болады...» [1, 345бет], – дегендей, еру сөзі: «Еру: еру болды – көшіп-қонғанда, жол жүргенде жолаушылардың жолда демалып, аялдауы» [4, 233бет], – мәнін білдірсе, ал бүгінде еру сөзі [8] қазіргі туризм саласында немесе белгілі бір саяхат барысында о бастағы мағынасын сақтай отырып, бір күндік демалатын орынды білдіреді.

Қазақтың әдет-ғұрпына тән, әрі аймаққа тән, әрі өлшем бірлігі *үсір* сөзі туралы «*Үсір*¹ (Қ-орда, Қарм.) алым-салықтың бір түрі, яғни өнімнің оннан бірін алу. *Үсір*²//*Үшір* (Қарақ.) қырманда қалған дән. Діни әдет-ғұрып бойынша, қырманның оннан бір бөлігін не жиырмадан бір бөлігін *үсір* деп шығарады» [3, 711бет], – деп берілсе, Шығармада: «Жанқожа сонда халықты жинап алғанда, Хиуаға не түсерін түсінбейді. Зекет алатын қарақалпақ мал ұстап жарытпайды. Сондағысы *үсірі* шығар... Әлде Хиуа ханы бәрін бір жерге жинап, қазаққа айдап салғысы келіп отыр ма?» [1, 111бет], – деген жолдардағы *үсір* сөзі алым-салықтың бір түрі мәнінде қолданылып тұр.

Қазақтың дәстүрлі мәдени тобына жататын *сірі* сөзі Шығармада: «Ақназардың басына бір жаз *сірі* бүріп ұстады. Суға салып балбыратып қойған түйенің көнін басына кигізіп, айнала жиегін көктеп тастайды. Күн ұлы сәскеге көтеріліп қатты қыза бастағанда, көн де құрысады... Тастай қатып кеткен кезде көн бір уыс болып бүрісіп, екі шекеден қысады... [1, 65бет]; Өшіккен Сырлыбай тұқымдары Ақназардың басындағы *сіріні* бір ай бойы алған жоқ» [1, 66бет], – деген жолдардағы *сірі* сөзі: «*Сірі* 1. Сиырдың, түйенің қатып қалған терісі» [4, 768бет], – деп берілгендей, ертеде *сіріні* жазаның түрі немесе адамды құлдықта ұстаудың бір тәсілі, сондай-ақ, асау жылқыларды жуасыту үшін тұмсығына кигізу ретінде пайданылғанын көреміз.

3) Өзге тілге тән сөздер.

Шығарманы зерделеу барысында *уақып*, *құп* сөзіне мән берілді. Мысалы, «Бұл сырды бала-шағаның білмегені мақұл. Алдымен ауызыңа өзің *уақып* бол. Ал мынаны түнделетіп бір жаққа жытырайық...» [1, 403бет], – деген сөйлемдегі *уақып* сөзін қазақ тілі сөздіктерінен кездестіре алмасақ та, діни ұғым мәнінде келетінін байқадық. Алайда, бұл сөз қарақалпақ тілінде «аузыңа ие бол, ешкімге айтушы болма» мағынасында екенін, автор Жанназар арқылы қарақалпақ тіліндегі *уақып* сөзін қазақ тілінде өз орнымен қолдана білгенін көруге болады. Ал *құп* сөзіне келсек, Шығармада: «- Құп, Жәке! «Құп» ишараты қазақ салтында жоқ. Қожаниязға жеті жылдық құлдық ұрып қызмет еткен Раманқұл «құпқа» үйреніп қалған. Аузынан қалай шығып кеткенін білген жоқ. Жанқожа езу тартты.» [1, 2-т., 180бет], – деген мәтіндегі ишарат мәніндегі *құп* сөзі о баста қазақ салтында жоқ десе де, бүгінде «мақұл, жарайды, жақсы, дұрыс, жөн» [4, 543бет] мәнінде ауызекі тілде және ақын-жазушылар шығармаларында, сондай-ақ, әскери лексикада жиі қолданылады.

Жоғарыдағы санамаланған сөздердің бір тобы жалпыхалықтық сипатқа ие болса, енді бір тобы бірте-бірте ұмытылып, тілдік қолданыстан шығып қалғанын байқау қиын емес. Алайда, Шығарма тіліндегі ерекшеліктерді, біздіңше, қаламгер көтерген мәселесіне қарай, оны сол дәуірдің тілімен сөйлетуі деп қарағанымыз жөн.

Зерттеу нәтижесінде Шығармадағытағы бір ерекшелік тілдегі тыныс белгілер, соның ішінде, көп нүкте мен диалогты сөйлемдегі сызықшаның жиі қойылуын байқадық. Біздіңше, бұл жазушының пунктуациялық сауаттылыққа аса көңіл бөлуі деп қараған жөн болар.

Қазақ тілі пунктуациясы жайында ғалым Ф. Мұсабекова [9] отандық және орыс ғалымдарының көзқарастары негізінде қазіргі қазақ тіліндегі тыныс белгілері туралы жан-жақты сөз еткендіктен, бұл жерде қайталап жатуды артық деп санадық.

Жоғарыдағы ғалым зерттеуінде, сол бір кезде ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың еңбектерінде тыныс белгілері айтқан пікірлері «жабулы қазан күйінде» болғандықтан, сөз етілмеуі де заңды еді.

Осы орайда, екі ғалымның тыныс белгілерін салыстырып көрелік.

Ғалым Ф. Мұсабекова: «Қазақ тілі пунктуация системасындағы белгілер: нүкте (.), көп нүкте (...), қос нүкте (:), үтір (,), нүктелі үтір (;), сызықша (-), тырнақша («»), жақша (()), квадрат жақша ([]), жаңа жол (немесе абзац), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!)» [9, 26бет], - деп атаса, алұлт ұстазы А.Байтұрсынов жазуда кездесетін тыныс белгілері хақында: «Нүкте (.) ноқат (ұлы тыныс), үтір (,) теріс үтір (кіші тыныс), көп нүкте (...) көп ноқат, қос нүкте (:) қос ноқат (бәшелеу белгісі), нүктелі үтір (;) үтірлі ноқат (орта тыныс), сызықша (-), кіші сызықша (-) (тіркестіру белгісі), үлкен сызықша (—) (жұмақтау белгісі), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), жақша (()) (қамау белгісі), тырнақша («»), қабат үтір (қабатша қос тырнақ)» [10, 310-312бет], - деп жазғандай, тек тыныс белгілері атауларында (термині) ғана өзгеріс барын және ғалым сызықша тыныс белгісін екіге бөліп қарағанын көреміз. Өйткені, Ахмет Байтұрсынов дәуірінде олар солай аталуы да заңдылық еді.

Жалпы алғанда, бұл тыныс белгілер қазақ тілінде ғана емес, түркі тілдері жазуларының қолданылуында да орыс тілі тыныс белгілері әсер еткені баршаға мәлім. Бір сөзбен айтқанда, тыныс белгілер дүние жүзі тілдері жазуларында да жетекші рөл атқаратыны белгілі. Олай болса, әрбір тыныс белгілердің жазуда дұрыс қолданудың маңызы зор. Өйткені, олардың әрқайсысының қызметі дараланып, келесі сөйлемде (ойда) қойылатын тыныс белгімен байланысты болатыны заңдылық.

Жұмыс барысында назар аударылған көп нүкте туралы ғалым Ф. Мұсабекова: «Көп нүкте (...). Бұл мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Көп нүкте түрлі себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын білдіреді», - дей келе, оның төрт түрлі себебін, «Атап айтқанда: 1. Бір нәрсе жөнінде айтайын деген пікір ұмытылып қалғандықтан, оның үзілді-кесілді еске түсіруде; 2. Айтылып келе жатқан кейбір пікірлерді айтып жатудың артық екендігін білдіру үшін; 3. Кездейсоқ болған іске таңдануды, сүйсінуді, наздануды көрсету үшін; 4. Үзіндінің түгел алынбағандығын білдіру үшін көп нүкте қойылады» [9, 68бет], - деп жазғандай, біздіңше, Шығармада көп нүкте мынадай аспектіде қойылып, қолданылса керек.

1-ден, айтылып келе жатқан кейбір пікірлерді айтып жатудың артық екендігін білдіру үшін, яғни оқиғаны созбай, одан әрі оқырманды жалықтырмау үшін: [Мысалы, «Төрт-бес үй Оймауытын ертіп Үргенішке тартып тұрды... [1, 16бет]; Әрі Сырдарияның құйылысында жиырма шақты ауыл қарақалпақ бар... [1, 30бет]; Олар Сараман Қосада еру болып, бас-аяғын жинақтайды... [1,30бет]»];

2-ден, бір нәрсе жөнінде айтайын деген пікір ұмытылып қалғандықтан, оның үзілді-кесілді еске түсіру үшін: [Мысалы, «Әмудариядан Жіңішке құмға шейін... мың шақырым жол асқан екен [1, 14бет]; Өткен күз... жабық қорадан ... осы Нұртайдың қорасынан өз қолымен жетектеп шығып еді [1, 18бет]; Ән... таныс ән... Сегіздің әні... «Есіме сен түскенде, беу, қарағым, сағынып әнге қосам сәулетай деп... [1,96бет]»];

3-ден, кездейсоқ болған іске таңдануды, сүйсінуді, наздануды, өкінуді көрсету үшін: [Мысалы, «Апыр-ау, мынау Қарлығаш қой... Немересі... Бостанның қызы... Жылқайдар немерелерінің киімін танып тұр [1, 21бет]; Бірақ шешесі... Оған не істер дейсің?.. Бәрі өзінің қарақалпағы ғой... Қияттың қызы... [1, 95бет]». Сонымен бірге, Шығармада кейде сөйлем соңында көп нүктенің қойылуын оқиғаның соңы немен аяқталады екен деп, оқырманды одан әрі қызықтыруын, оны тағы бір тәсілі ретінде қарауға болады [Мысалы, «Енді он шақты жылдан кейін жұт кездесерін, жылқысын қырып алған Нұрымбеттің балалары Сырға қарай үдере тартатынын Жанқожа білген жоқ... [1, 169бет]; Осы Жанғазы он жылдан кейін Әлім-Шөменді қанға бөгейтінін батыр білген жоқ... [1, 2-т. 130бет]», т.б. мысалдарды тізе беруге болады.

Осы жерде ескеретін нәрсе: қазақ тілі пунктуациясы жүйесіндегі ерекше орын алатын көп нүкте туралы ұлы Ахаң: «Бұл белгі сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылады» [10,312бет], – деп жазғандай, қазіргі тіліміздегі көп нүктеге қатысты ережеден басты айырмашылығы жоқ екеніне көз жеткіздік.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Шығармада диалог арқылы екі адамның бір-бірімен

сөйлескен сөзінің алдына сызықша қойып, жазылу дағдысы жиі көрініс тапқан.

Ғалым Ф. Мұсабекова: «Сызықша. Бұл – үтір сияқты көп қолданылатын, сөйлеудің әр түрлі, дербестігі шамалы бөлімдерінің соңын көрсететін тыныс белгісі», - деп, одан әрі автор: «Сызықша – сөйлемнің мағыналық, әрі грамматикалық жағын айқындаушы белгі» [9, 80бет], - деп айтқандай, бұл жерде тіліміздегі сызықшаның қойылатын орындарын алдымызға мақсат етпедік.

Мақала көлеміне орай, Шығармада бөгде сөз түрлері тобына жататын диалогты сөйлем түрі жиі кездесетіндіктен, оны бір-екі мысалмен шектедік. Мысалы: «Жылқыман қасында иірілген жігіттердің жүзіне бір-бір қарап алды.

- Жекпе-жекке кім шығады?

- Мен!

- Мені жіберші!

- Мен барайын!» [1, 42бет].

немесе:

«Нұртайға Жанқожа барады!

- Дұрыс!

- Баланың беті қайтпасын!

- Жолың болсын, Жанқожа!

енді бірде:

Әрі-беріден соң, қайсысы Нұртай, қайсысы Жанқожа, айыруға болмай кетті.

- Апырай, анау еңсерілді!

- Нұртай білем!

- Жоқ, Жанқожа!

- Қап!

Ақ шаңдақ бұрқ етіп, біреуі шалқалай құлап бара жатты» [1, 42-43бет].

Жоғарыдағы мысалдардан екі адамның бір-бірімен сөйлескен сөзі, яғни автор сөзі төл сөздің кімдікі екенін, қалай айтқанын және кімге айтқанын білдіру сияқты функцияларды атқарса, кейде мұндай жағдайлар болуы шарт емес. Оны төмендегі мысалдан көруге болады:

- Аты-жөніңді...

- Әкемнің аты Нұрымбет, өзімнің атым Жанқожа...

- Киікбайдың Нұрымбеті ме?!

- Сағындық дауыстап жіберді.

- Онда құда болдың ғой [1, 114бет]

немесе:

- Шекті.

- Шектінің қайсысы боласың?

- Орыспын.

- Мен білмейтін қайдан шыққан орыссың?

- Есенәлі Кішкенемін. Жанқожа аулы...

- Е-е, тоқалдан туған томарбас болдың ғой [1, 285бет].

Осы жерде назар аударатын нәрсе: сызықшамен келген диалог түріндегі төл сөз құрамы жағынан: ол жеке бір сөзден, не бір сөйлем немесе сөйлемдер тізбегінен құралған үзінді түрінде әр алуан болып келсе де автор сөзімен байланыста болады.

Ғалым Ф. Мұсабекова: «Пунктуация – жазудың нотасы екені рас. Өйткені, жазуды тілдің түсінікті, айқын болуы үшін пунктуацияның атқаратын рөлі зор» [9, 3бет], – деп жазғандай, әрбір жазушы шығармасында тыныс белгілерді қалай қойып жазса, солай сөйлемнің мағынасы дұрыс түсінікті болатыны белгілі. Демек, әрбір тыныс белгі – сөйлемнің айқындауыш көрсеткіші десек те болады.

Шығарма екі халықтың арасындағы достық қарым-қатынасты Жанқожа образы арқылы суреттеуде жазушы Жанқожаның сөйлеу тіліне де назар аударады. Шығармада: «Ел іші не бөлтектең бұзылады, не сөлтектең бұзылады.- Жанқожа күрсінді. - Кенжеғұлда шикілік жоқ. Ендеше, Раманқұлды сөлтек демейік. Осының бөлтек-ау деп қорқамын...

Жанқожаның тілінде: сөлтек – түбі бөлек кірме, бөлтегі – күбір-күбір өсектің адамы, жағымсыз жарамсақтарды солай атайтын еді. Есіне сонау жылғы Хиуа шапқыншылығы түсті. Бұйығып отырған билер кейпі көз алдына елестейді» [1, 390бет],- деген жолдардан Жанқожаның сөйлеу тіліндегі ерекшелігі арқылы оның образын нақтылай түскенін көруге болады.

Шығарма тілінде көзге түскен ерекшеліктің бірі – қазақтың ру аттары, нақтырақ айтқанда, Әлімұлына қарасты рулары мен аталықтары хақында.

Қазір не көп өз рулары туралы жазылған шежірелер көбейді. Әрине, ата-тегін білгені дұрыс. Мысалы, бір ғана Әлімұлының Шектіден тарайтын Кішкене ұрпағы туралы жазылған шежіре деректерінде бір-біріне қарама қайшы келетіндері қаншама.

Осы тұрғыдан келгенде, Шығарманың тағы бір құндылығы деп, Кіші жүз, оның ішінде алты ата Әлімұлы шежіресін, яғни Шектіні географиялық орналасуына қарай Сыр Шектісі мен Қыр Шектісі деп екіге бөліп, оның аталықтарын «тайға таңба басқандай»,көзді қарақты оқырманға жіктеп, тарқатып беруі. Соның кейбіреуіне тоқталсақ, Шығармада: «Күліктен төрт бала – үлкені Құлымның әкесі Әліқұл. Онан кейін берше, тоқас, жаңбай. Төбет бершенің бір бұтағы Жұмағұлдың баласы [1, 52бет]; - Біле білсек, бұл үй иісі Орыстың (кейбір шежіреде – Өріс) қарашаңырағы ғой, – деп бір қойды. ...- Орыстың кенжесі Есенәлі. Есенәлінің кенжесі Кішкене. Кішкененің алты баласының кенжесі Құттық атам емес пе еді? [1, 60бет]; Жақайым төрт ата – Ақбура, Тоқбура, Ағыс, Көгіс болып бөлінеді. ...Ақбураны да кейде асан деп атап, – оны бәйбіше асан, тоқал асан деп айырып жатады [1, 148бет]; Кішкененің бәйбішесінен Жиеней, Жолшора, Асан, Үсен. Кіші әйелі Құланбикеден Құрманай, Құттық туады» [1, 285бет], – деп жазады.

Сондай-ақ, Шығармада кейбір шежіре деректерін ұтымды қолданыла білген. Мысалы, аңыз-әңгімелерде Кішкене бабамыздың бәйбішесі Қоңыр шешемізді бірде үйсін қызы десе, енді бірде орта жүздің қызы дейтіні бар. Ортақтығы: Кішкене бабамыз Палуан ағасымен сиыспай, елден кетіп атақты байдың қызына үйленіп, кейін елге оралуы. Ал Шығармадакейбір шежіредегі осы қайшылықтың ара жігін ашып көрсеткенін мына жолдардан көреміз. «- Біле білсек, бұл үй иісі Орыстың (кейбір шежіреде – Өріс) қарашаңырағы ғой, – деп бір қойды. ...- Орыстың кенжесі Есенәлі. Есенәлінің кенжесі Кішкене. Кішкененің алты баласының кенжесі Құттық атам емес пе еді?

- Өзі солай екен-ау...

- Палуан атам тентек кісі, он төрт жасар інісі Кішкенеге күн көрсетпей, қаңғытып жіберген...

...Қоңыр орта жүз Арғынның қызы. Әкесі атақты бай екен. Кішкене атам соған жылқыға тұрыпты. ...– Бір жылы үлкен жұт болады. Жылқы біткен ығып кеткен. ...Көктем шығады.

...Соның бірі – Қоңыр шешемнің әкесі. Күнде құмалақ салып, Кішкененің жолына қарап отыр. «Осыдан Кішкене жылқыны аман алып келсе, Қоңырымды қосар едім».

... – Жылқысы аман келген байдың қағанағы қарқ, сағанағы сарық, бірте-бірте айтқан уәде де естен шығады [1, 60бет];

... Ертеңіне Қоңырды Кішкенеге қосады. Бір жылдан кейін ұл туып, Жиеней қояды.

...Ел болған соң біреудің тойы болады, біреу атасына ас береді. Қоңыр да барады. Шалдар «пәленше келін, түгенше келіндерін» шақырып жатады. ...Қоңырды елейтін бір жан жоқ. Бір тойдан қайтқан жолы шешеміз жанжал шығарады. «Ел-жұрты жоқ, кубас біреуге қайдан тап болдым» деген ғой. Кішкене ашуланады. Алты Әлім деген елі бар, Палуан атты ағасы бар! Кубас адам сондай бола ма? «Көштік онда!» Шешеміз сөз қайтаруға келтірмейді. Ертеңіне атасынан рұқсат алып, елге көшеді. Көш жөнекей екінші ұлын туып, оның атын Жолшора қояды.

...- Келген соң Палуан атам той қылып, өз жанынан қыз айттырып қатын әпереді. Ол – біздің шешеміз Құланбике» [1, 61бет].

Оқырман назарына: тарихи деректер де болсын, шежіре де болсын Әлімұлында Шектіні – Қыр Шектісі және Сыр Шектісі болып екіге бөлінеді. Бұлай болып бөлінуі олардың

(бір аталықтың) географиялық орналасуы жағынан екені де белгілі. Алайда, бұлай бөлініп аталуын біз қараған қазақтың басқа ру-тайпаларында кездестіре алмадық.

Есімізде, 60-70 жылдары Армияға барған жігіттердің арасында «морской, степной» деген жаргон сөздің барын айтып, бөлінеді дегенде таң қалып едік. Кейін әскери ортада жүргенімде, қазір солдаттар арасында осы жаргон сөздер айтыла ма, не қолданыла ма деп сұрағанымда, сирек те болса айтылады деп күліп, қазір ол дәурен кетті ғой... Иә, кейде солдаттар арасында болып тұратын келіспеушілікте «морской, степной» болып бөлінетінін еске түсірдіңіз ғой,- ағай деген еді, әскери мамандар. Әрине, менің айтпағым: 60-70 жылдары солдаттар тіліндегі «морской, степной» сөздері, сонау Сыр Шектісі және Қыр Шектісі сөзінен бастау алған жоқ па? деген жәй долбар ғана.

Жазушы қазақ жүздерінің шежіре деректеріндегіру аттарының қойылу тарихына аса байыппен қарап, орнымен қолданылғанын көруге болады. Соның бірі - Ұлы жүздің Сіргелі руының аталуы туралы Шығармада: «Отыз мың Ойсылды ханның қолы бір күнде ойрандап, еркек кіндікті жан қалдырмай қырады.

Ойсылдың бір батыры Әлімнің қызын алады екен. Соның алдында ғана төркіндеп кеткен келіншек сол жақта қанды қырғынның хабарын есітеді. Төркінінің қолында қала берген. Байғұс екіқабат екен, аман есен босанып, ұл туады...

...Сол кезде Әлім шақыртып алып, жиеніне енші береді.

...Үйсін атты туысың бар, Жетісу атты жерің бар...

Отыз мың үй Ойсылдан қалған жалғыз бала туған жеріне көшеді. Жер шалғай. Жолда сусын керек. Құлындардың тұмсығына *сірге* кіргізіп, биелерін сауа жүреді. Көрмеген жұртқа бәрі таңсық, сіргелі құлынды көштің кім екенін сұрайды. Солайша Сіргелі атанып кетеді»[1, 421бет], – деп жазғандай, автор, Ұлы жүздің шежіре деректерінде жан-жақты білгенін көреміз.

Зерттеу барысында Шығармада жанама, лақап ру аттарының қойылуымен қатар, сирек болса да, рудың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын дүниетанымдық ерекшелігін оқшаулау етіп көрсететін тілдік тұрақты тіркестер де назардан тыс қалмайды.

Қазақ ономастикасының абыз ақсақалы, ғалым Т. Жанұзақ: «Шығу тегі жағынан көне этнонимдердің бір тобы - лақап этнонимдер» [11, 55бет], – десе, енді бірде, ғалым: «Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысты тағылған лақап есімдер аз емес» [11, 45бет], –деп жазғандай, Әйдербектің бір баласы Құлым атаның Жаманкөз деп лақап атқа ие болуы туралы Шығармада: «- Құлым атамды білмеген жұрт Жаманкөз деп жүр...

- Қалай Жаманкөз аталып жүргенін...

- Ол бір ертерек жаугершілік заман еді ғой.

Құлым атамның көзі көк, тік қадалса, өңменнен өтетінін әкем айтатын еді, түрікпенді албастысы басқан ғой. Бірақ тірі қалып, арада он жыл өткенде, Хиуада кездесіп қалады. «Жаманкөздің найзасынан да аман қалғанмын» деп тұр екен. Түрікпеннің бұл сөзін Құлым атамның қасындағы жолдастары елге айтып келіп, содан тарап кетеді» [1, 54бет], – деп жазғандай, лақап аты Жаманкөз, Құлым атамыздың көзіне қарап қойылса керек. Біз бұдан, лақап немесе жанама атаулардың белгілі бір рудың мінез-құлқын, қасиетін жинақтап беруін де көруге болады.

Шығармада қолданылған тілдік көріністің бірі – тұрақты тіркестерарқылы рудың бітім-болмысын, тұрмыс-тіршілігін, қыры мен сырын танып-білуінен, белгілі бір руға берілген мінездемеден, кейде тұтастай аталық рулардың бойындағы жағымды/жағымсыз қылықтарын көрсеткенін төмендегі асты сызылған тіркестерден байқауға болады. Мысалы: «Тәуір көк бестіні сауырдан тартып қалғанда, атып кетті. Артына қарай-қарай барады.

- Адамда Сойырқас, малда сиыр қас. Алты аласы, бес бересісі жоқ, мұныкі не жаным-ау!

Тәуір сатырлатып шауып барады, сөйлеп барады»[1, 139бет];

Жігіттердің сөзі шындыққа айналғанын байқаған кезде Шалқарды долылық буды. Ақ таяғы қолында ерсілі-қарсылы сілтеп жүр.

- Ас жаманы көмекей, ел жаманы Шөмекей! Кел, келе ғой.

...Шал тыраң етті. Ана жақта бір жігіт бір жігітке қара тоқтыны өңгертіп жатыр еді.

Көкірек тұсынан ат тұяғы сарт етіп тиген сәтте Шалқардың есі тұзу еді. Кенет бар дүниені қараңғы тұман жапты.

Шөмекейлер қара тоқтыны өңгере кетті» [1, 337-338бет];

Биыл жалғыз Бекарыстан Нұрыбай көліне қыстап шығыпты. Екі күзет үйшігінің бірін Арыстанбай басқарады. Жасы қырықтың үстіндегі жігіт Күліктің Кешубай ауылынан еді. Кешубай – Күлік ішіндегі ең кедей аталық. Басқа бай ағайындары менсінбегенде, оларды «тақыр табақ Кешубай» деп келекелейді» [1, 2-т. 172бет, – деп жазады.

Бұдан шығатын қорытынды: жоғарыдағы асты сызылған тұрақты тіркестерден сол рулардың ешкімге ұқсамайтын ерекше бет-бейнесін (имиджін), бітім-болмысын, үстемдігін жүргізе алмай, пұшайман болғанын, тіпті, нағашылы-жиенді әзіл-қалжың, әлкес-шәлкес сөйлейтін мінез-құлықтарын айқындауда, ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибелері мен білімдерінен, тілінен айқын көрінеді.

Зерттеу барысында Шығармада күрделі сөздердің бір түрі қос сөздер, яғни оның қосарлану тәсілі руларда да кездесуі.

Жалпы, тілімізде қазақ ру-тайпаларының қосарлануы арқылы жасалған этнонимдер барын академик Ә. Қайдар [12, 135бет] еске салады және осы жол авторы өз зерттеуінде [13, 462-467бет] қосарлануы арқылы жасалған Кіші жүз этнонимдеріне қатысты ой-пікірлерін қайталамадық. Алайда, қазақ этнонимия жүйесінде бірігуі арқылы жасалған этнонимдерге қарағанда, қосарлануы арқылы жасалған ру-тайпа аттары сан жағынан аз екені белгілі.

Егер тілдегі қос сөздер ерте заманнан бері қалыптасқан тарихи-тілдік құбылыс екенін ескерсек, онда Шығармада ру мен ауыл аттарының қосарлап, жинақтап берілуі тілдік құбылыстардың бірі деп қараған жөн. Шығармада: «Зәуде бір арғын-қыпшақтың ауылын торып, бір үйір жылқысын алып қайтса, үйге сыймай күпінеді... [1, 10бет]; Осы маңайда Мәмбет-Сырлыбайдың аулы отыратын еді [1, 12бет]; Киікбай екі ұлына енші бергелі он бес жыл өткен. Бірақ Өтеген-Нұрымбет тату болды. Қырық жыл бойы қыстаса – бір төбенің басында, қонса – бір бұлақтың басында отыратын [1, 107бет]; Алтынбай-Күліктен Ардананың болысы Алданазар жер даулайтынын, ақыры Мәстетті алып тынатынын бұлар біліп тұрған жоқ [1, 124бет]; Әйдербек бәйбішеден жалғыз болғанда, Есенәлі-Бөлек тоқалдан туатын еді.

Ең болмаса, жақын жердегі Күлік пен Ардана-Татыранға хабар берейік. Кішкене түгел көтерілсе, азғантай Алтынбайды түтіп жер [1, 126бет]; Есенәлі-Әйдербек ағайын... [1, 127бет];

- Ақмырзаға бар, Қызылдағы Құрманай-Құттықты түгел құлақтандырсын. Жиеней, Жолшора, Асан-Үсен ауылдарына хабарды сол екеуі тигізетін болсын [1, 130бет]; Сағасын Сырдариядан алатын Жаңадария, Қуандария маңайы да Әлім-Шөменнің қонысы екенін ескертті. Әлім-Шөменнің Қызылқұмды қарақалпақтармен қосыла жайлайтыны рас» [1, 219бет].

Жоғарыдағы мысалдардан қосарлану арқылы жасалған рулар бойынан о баста бір-бірімен туыстығын, бір аталықтан тараған ұрпақ сабақтастығын және руаралық байланысымен қатар, олар жинақтау, топтау ұғымы дәрежесіне дейін жеткенін байқадық.

Жазушы тілінде рулардың немесе ауылдың қосарланып берілуі, жалпы бір атаның ұрпағы мағынасында келіп, жарыса, қосарлануы арқылы қалыптасуы этнонимдер процесінде көне дәуірдің жемісі болуы мүмкін. Шығарманың құндылығы деп, Сыр өңіріндегі Кіші жүздің алты ата Әлімұлына қатысты рулардың бір-бірімен байланысын, тамыры тереңде жатқан тарихи сабақтастық пен дамуын айқындауға да мүмкіндік береді.

Зерттеу аясында Шығармадағы кейбір тілдік ерекшеліктерге назар аударылып, қазақтың бір туар батыр ұлдарының бірі Жанқожа образы әлі де болса өзекті екеніне көз жеткізілді.

Оқырман назарына: Шығармада Жанқожа образы XVIII-XIX ғасырларда Сыр бойындағы қазақтар мен қарақалпақтар арасындағы тарихи оқиға негізінде екі елдің достығы тұрғысында баяндалса, ал жазушы М. Қаназ «Жанқожа» атты кітабында [14] Жанқожа бейнесін тарихи кинохикаят жанры арқылы Ресей, Хиуа, Қокан шапқыншылығы мен жорықтарына қарсы Сыр бойы шаруалары көтерілісін ұйымдастырушы ретінде суреттейді. Біз, бұдан екі жазушыға ортақ бір ғана Жанқожа образын әр қырынан қарап, батырдың бейнесін толықтыра түскенін көреміз.

Қорытынды. Қорыта келгенде, XVIII-XIX ғасырларда қазақтың абыройын көтерген ұлттық батырларымыздың бірі – Шығармадағы Жанқожа бейнесін тілдік ерекшеліктер арқылы хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық. Жоғарыда айтылған пайымдаулардан, бір мақалада аясында аталған Шығарманы жан-жақты талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан Шүкіровтану ілімін зерттеушілерге бағыт-бағдар немесе ой салу деп қараған жөн болар. Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, Арал теңізінің асау толқынындай өршіл, қазақтың тума талант иесі, көзі тірісінде-ақ «Қазақ Островскийі» атанған ақын Зейнолла Шүкіровке «қазақ әдебиетіндегі жаңа құбылыс иесі (феномені)» деген жолдарды қосып айтсақ, әдеби ортада Зейнолла әлемі одан әрі биіктей беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер.

1. **Шүкіров, З.** «Сыр бойы» кітабы. Тарихи роман - 1 т. – А.: «Қайнар» басп., 2006. – 432 б.;
- Шүкіров З. «Сыр бойы» кітабы. Тарихи роман - 2 т. – А.: «Қайнар» басп., 2006. – 400 б.
2. **Бабыр, Захир ад-дин Мухаммед.** Бабырнама. Жоғары кл. оқушыларына арн./Орыс тілінен ауд. Б. Қожабеков. – А.: «Жалын» басп., 1990. – 320 б.
3. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі/Құраст.: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – А.: «Арыс» басп., 2005. – 824б. (электронды каталог).
4. **Жанұзақов, Т.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. **Қалиев, Б. Қ.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. – А.: «Керемет медиа», 2023. – 496 б.(электронды каталог).
6. Айбын. Энциклопедия/Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
7. **Оңдасынов, Н.** Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – А.: «Қазақстан» басп., 1974. – 384 б.
8. Еру//<https://kk.wikipedia.org/wiki/Еру-қараған> күні- 15.06.25ж.
9. **Мұсабекова, Ф.** Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. Педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. Қазақ ССР Оқу министрлігінің коллегиясы бекіткен. – А.: «Мектеп» басп., 1973. – 193 б.
10. **Байтұрсынов, А.** «Тіл тағылымы» (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – А.: «Ана тілі» басп., 1992. – 448 б.
11. **Жанұзақ, Т.,** Рысберген, Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – А.: «Азия» басп., 2004. – 128 б.
12. **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – А.: «Ана тілі» басп., 1988. – 304-б.
13. **Қожанұлы, М.** Қазақ этнонимдер жүйесі (Қазақстанның батыс өңірі этнонимдеріне қатысты тарихи, шежіре және тілдік деректер негізінде). Монография/Өңделген, толықтырылған 2-ші басылымы. – Аст., 2024. – 522 б.
14. **Қаназ, М.** Жанқожа: хикаят пен әңгімелер. – А.: «Өлке» басп., 2001. – 255 б.

FTAMP 15.41.21:06.39

ӘОЖ 316.46:008:352:353:354

КОШБАСШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА ДАМУ ТЕТІКТЕРІ

Примжанова А.А., amina.abutalipovna@mail.ru

Ахметова Г.Я., gulnaz270183@mail.ru

Еримбетова Б.А., экономика ғылымдарының магистрі, bekzat91@mail.ru

Илимбаева Д.Ш., студент, dilnaz.ilimbaeva07@gmail.com

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада мемлекеттік басқару жүйесіндегі көшбасшылықты дамыту жолдары қарастырылады. Қазіргі кезеңде тиімді басқару мен стратегиялық шешім қабылдау үдерісінде көшбасшының ролі ерекше мәнге ие. Мақалада көшбасшылықтың теориялық негіздері, оның түрлері